

Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Менгерушісі:

Баймолдина К.К.



Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскері:

Оразғалиева Г.Б. 

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2022 – 2023 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды даярлық

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 14 - 18 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы:Гүлдердің шаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі?	Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о: «Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру	Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру	Суретке карап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау	Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты:	Құрылыс ойындары: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	Фотосуреттер қарастыру: «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі	«Біз дәнбіз» диқан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды	Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды.

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.		желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қанбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	(қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 5				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	«Көлбең, көлбең, көлеңкем» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Мақсаты Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң,	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту Мақсаты: дыбыстық талдау жасайды Дыбыстармен жұмыс.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру Мақсаты сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын	Сауат ашу негіздері Міндеті: Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау Мақсаты . дыбыстарды ажыратады	Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен

	үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру; Қ.Мырза Әлидің «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп оқу «Таңдап ал да, атын айт». Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді	«Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, ки, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т.б	«Кім алғыр» дидактикалық ойыны – Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, Һ, ф, х, ц, ч, ш, у	«Тиістісін көтер» дидактикалық ойыны Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у.	танысамыз. Әдептілік әлемі Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегінді жина өзін. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. Пышақты ұста оң қолмен, Шанышқыны сол қолмен, Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же.
--	---	--	---	--	---

Үзіліс :

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ

Ойын: *Жүретін саусақтар.*

Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.

Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.



Үстел үстінде ойналатын

ойындар.

Ойын: «Жуылмаған жемістер» (5-10 мин)

Мақсаты: Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту, жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету.


Керекті құралдар: Кез-келген жеміс (сәбіз, картоп), қатты ысқыш, шұңқыр ыдыс.



Мазмұны: Ортаға үстел қойып, сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз. Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді. Балаларды кезек-кезек шақырып

				алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
Қоршаған орта Міндеті: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну Мақсаты көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру Демонстрациялық материалмен жұмыс. – Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшинесі. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді.	Математика негіздері Міндеті: : - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Мақсаты : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі. Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7). Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн. Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды.	Математика негіздері Міндеті: - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Мақсаты: Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол» Педагог ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан сокпайсыңдар	Математика негіздері Міндеті:- апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Мақсаты сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. Жұмбақ Жаңбыр жауып басылды, Аспан шәйдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды, Көк те бір зат асылды. (Кемпірқосақ) Кемпірқосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояу «Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін	Қоршаған орта Міндеті:- Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту Мақсаты мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру – Қандай мамандық иелері бейнеленген? Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте, балаларға білім береді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері	

	– Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Апаттық мәшине, полиция мәшинесі. – Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? – Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б. – Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар? – Жүк көлігі т.б. – Олардың ең басты қызметі қандай? – Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады. – Мына көліктерді атаңдар. – Автобус, пойыз, ұшақ, кеме. – Бұлардың ортақ атауын табыңдар. – Жолаушылар көлігі. – Жолаушылар көлігі	Олардың атауларын қайталайды. Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата» Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды		атауы керек	екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық тандайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады.
--	---	--	--	-------------	--

	не үшін қажет? – Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз. – Ал қоғамдық көлікке не жатады? – Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады. – Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер?				
Үзіліс:					

Сюжеттік - рөлді ойын: «Көше» Мақсаты: Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобуска міну, көшеден өту ережелерін үйрету. Жағдаят: Бағдарламалық мазмұны: 1. Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. 2. Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету. Атрибуттар: түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі, реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.	Саусақ ойындары Ойын: «Су толтыру» Мақсаты: Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету. Керекті құралдар: шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке. Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.   Тіл дамыту жаттығуы	Саусақ ойыны: «Не өзгерді?» Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мұляжы. Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.   Тіл дамыту жаттығуы	Психологиялық ойын: Ойын: «Атомдар мен молекулалар» Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. Ойын шарты: «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды	Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ойын шарты: Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.
--	---	---	--	--

			бірнеше қайталауға болады». 	
---	--	--	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Балалар дүйсенбіде доп ойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды. Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды.	Қазақ тілі Міндеті: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. – Сәлеметсіздер ме?! Қуыршақтар хат алып келеді. Педагог: Қарандаршы, бізге	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру Мақсаты Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту «Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау. Жаңылтпаш жаттау Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.	Көркем әдебиет Міндеті: -Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокесте бойынша жаттатады Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?» Ойын шарты: Сұрақтарға жауап алу арқылы	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша
--	--	---	---	--	--

	Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті). – Қандай керемет, мына суретте кім бар? Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді	Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай?	балаларды әдептілікке жетелеу. – Үлкен кісіні ... керек. – Үлкендердің ... алу керек. – Кішілерге ... керек. – Ойыншықтарды ... керек	жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Мақсаты:- Сюжеттік композицияларды салдырып.мүсіндепп,жапсырып,құрастыру Топтық жұмыс
Үзіліс: .					

Аз қимылды ойын: «Кім алысқа»

Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.



Қимылды ойын: «Сақинаны лақтыр»

Мақсаты : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу.

Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.



Сюжетті-рөлді ойын: « Құрылысшы »

Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.

Тәрбиешінің іс-әректі:

Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.



Қимылды ,еңбек ойын:

«Ойын алаңын тазалау »

Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.

Құралдар: Сыпыртқы, күрек, қап;

Ойын шарты: Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді.

Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты

Жаттату:

Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген.

Бақша, бауды, тауды да

Бояған аппақ түспенен.



Қимылды ойын:

«Күн мен жаңбыр»

Мақсаты: Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру.

Ойынның шарты:

Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендендер», - дейді, ойын қайта басталады.



				
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

	Дене шынықтыру Міндеті: - гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)	Музыка Міндеті: -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»	Дене шынықтыру Міндеті: - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту Мақсаты Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру Құрсаумен орындалатын құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады	Дене шынықтыру Міндеті: - Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3—4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру Мақсаты - Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!» Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады.	Музыка Міндеті: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»
--	--	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Күнді бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдыңда балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) Көркем сөз:	Ағаштарды бақылау Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»	Шықты бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.) Жұмбақ: Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. (Шық) Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емеспін, ұсақпын,	Күзгі аспанды, бұлтты бақылау Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл). Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар) Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны. Жұмбақтар: Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,	Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қаниама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға

	Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев Қимылды ойын: «Қоңыздар» Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»	Мойнына ешкім таға алмас (Шық) Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар» Алаңдағы еңбек: қураған өсімдіктерді жинау.	Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр) Күндер қысқарады, түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз) Жұмбақ: Көлігі жоқ, көшеді, Өзін кезбе деседі. (бұлт) Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау». Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)	жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ» Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынга жинау
--	--	---	---	--	---

Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің баланыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.		<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің баланыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Баланыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тексерген: Оразғалиева Г.Б